

Бекітемін  
«Қостанай облысы  
әкімдігінің мәдениет  
басқармасы» ММ  
басшысы

2021 жылғы «\_\_\_\_\_» ақпан



Е. Қалмақов

**Қазыбек Әбенov атындағы «Торғай толғауы»  
республикалық қобызшылар байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

Қазыбек Әбенov – қобызшы, Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Қаршадайынан қобыз тартып, атақты қобызшы Баубек бақсыдан бата алған. Қыл қобыздың шебері шығармашылық өнерін жетілдіру мақсатында қобызға арнап «Баубектің толғауы», «Аққу», «Қоңыржай», «Сахара», «Сыбызғы», «Жорға», «Торғай толғауы» күйлерін шығарды.

Қазіргі уақытта Қостанай облысының Амангелді ауданының мәдениет үйіне Қазыбек Әбенovтің есімі берілген.

Белгілі қобызшы Қазыбек Әбенovтің шығармаларын насихаттау мақсатында «Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасы» ММ қолдауымен, «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы» КМҚК ұйымдастыруымен, Қостанай қаласында 2021 жылдың қараша айында *(өтетін күні қосымша хабарланады)* республикалық қыл қобызшылар байқауы өткізіледі.

**Байқаудың мақсаты**

- белгілі қобызшы, күйші Қазыбек Әбенovтің шығармаларын насихаттау;
- ішекті халық аспаптарындағы орындаушылықты дамыту және ерекше дарынды орындаушыларды анықтау;
- мәдени байланыстарды дамыту және нығайту;
- орындаушылар арасындағы тәжірибе алмасуына ықпал жасау.

**Байқау шарттары мен үміткерлерге қойылатын талаптар**

- байқауға Қазақстан Республикасы облыстарының өнер ұйымдарының өкілдері қатыса алады;
- байқауға қатысу жас ерекшеліктері: 16-35 жас;
- байқау жеке орындаушылар арасында өтеді.

**Байқау екі кезеңнен тұрады**

**I-кезеңде орындалатын шығармалар:**

1. Қ. Әбенovтің «Торғай толғауы» күйі;
2. Қ. Әбенovтің «Аққу» күйі;
3. Қорқыттың бір күйі (өз тандауы бойынша).

**II-кезеңде орындалатын шығармалар:**

1. Қ. Әбеновтің күйі (өз таңдауы бойынша);
2. Баубектің күйі «Сарын»;
3. Ықылас Дүкенұлының бір күйі (өз таңдауы бойынша).

### **Бағалау өлшемдері**

- шығармалардың ережедегі талаптарға сай болуы;
- көркем орындау деңгейі;
- техникалық шеберлік;
- сахна мәдениетін сақтай білуі.

### **Марапаттау жүлделері**

- Бас жүлде (біреу);
- 1 орын (біреу);
- 2 орын (біреу);
- 3 орын (екеу);
- арнайы сыйлық.

### **Байқаудағы қазылар құрамы мен ұйымдастырушы тараптың талаптары**

байқаудың қазылар алқасына еліміздегі музыка өнерінің қайраткерлері шақырылады;

қазылар алқасының шешімі талқылануға, қайтадан қаралуға түспейді және барлық сыйлықтарды тағайындамауға, бір сыйлықты бөлуге құқылы, шешім хаттамамен рәсімделеді;

жүлделі орындар бойынша қазылар алқасы өзгеріс енгізіп, жүлде қорын қайта бөлуі, номинациялар тағайындауы мүмкін;

байқау лауреаттары қорытынды Гала-концертте тегін, ақысыз түрде өнер көрсетуге міндетті;

Гала концертке қатысушылардың құрамын және орындайтын шығарма бағдарламасын ұйымдастырушылар мен қазылар алқасы анықтап бекітеді және бұлжытпай орындалуы талап етіледі.

### **Тамақтану, тұрғын жай, жол жүру**

- ұйымдастыру комитеті қатысушыларды байқау уақытында тамақпен және тұрғын жаймен қамтамасыз етеді.
- қатысушылардың келіп-кету жол шығындарын жіберуші жақ төлейді (*үміткердің ұстаздары, еріп келген кез-келген адам барлық шығындарын өздері көтереді*).

### **Үміткерлердің тапсыратын құжаттары**

- өтінім (*орындалатын шығарма толық жазылуы керек*);
- жеке куәлігі құжатының көшірмесі;
- шығармашылық өмірбаяны;
- 9/13 сапасы жақсы электронды нұсқадағы суреті.

### **Өтініштерді тапсыру шарттары**

- байқауға қатысушылардың өтініштері мына электронды мекен-жайға жіберілуі тиіс: [hsb@ocsnt.kz](mailto:hsb@ocsnt.kz) (*электронды хаттың тақырыбында міндетті түрде Республикалық қобызшылар байқауына деп көрсетілуі керек*);
- байланыс телефоны: 8(7142) 56-04-12, 56-01-29.